

Әділетті Қазақстан

Біз саяси
үдерісті
демократияландырып,
азаматтардың
мемлекетті басқару
ісіне қатысу
мүмкіндігін кеңейте
береміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



ТҮЗУ КӨШЕ, ҚАУІПСІЗ ЖОЛ

5

АҚПАРАТ ӘЛЕМІ



МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

7

РАМАЗАН–2023



САДАҚА БЕРУ – САУАПТЫ ІС

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.04.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

4-9, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

9.04.2023

Түнде:



+3+5 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:

3-8, екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №45 (6338) 8 сәуір, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqA](https://www.youtube.com/channel/UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

АҚОРДА

ЕЛ ИГІЛІГІ МЕН БІРЛІГІ

жолындағы бастамаларға қолдау білдіру маңызды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлын қабылдады

Кездесу барысында
Қасым-Жомарт
Тоқаев қасиетті
Рамазан айына орай
еліміздің барша
мұсылмандарына
ізгі тілегін жолдады.

Мемлекет басшысына Рамазан айында еліміздің
әрбір аймағында ұйымдастырылып жатқан қайы-
рымдылық шаралары жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар, Наурызбай қажы Тағанұлы Қа-
зақстан Мұсылмандары діни басқармасының қо-
ғамда дәстүрлі ислам дінін кеңінен дәріптеу және ел
игілігі мен бірлігі жолында атқарып жатқан жұмыс-
тары жөнінде баяндады. Бас мүфтидің айтуынша,
діни басқарма осы жылды «Ислам және ізгі қоғам»

жылы деп жариялады. Оның аясында жыл бойы
бірқатар маңызды іс-шара ұйымдастырылады. Сон-
дай-ақ, ұлттық салт-сананы жаңғырту, дәстүрлі ис-
ламға басымдық беру үшін алдағы уақытта бірқатар
жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Мемлекет басшысы мүфтияттың бастамаларына
қолдау білдіріп, халқымыздың дүниетанымына сай
дәстүрлі исламды дәріптеу маңызды екенін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ:

Халықаралық рейстер саны артады



Алматы әуежайындағы жаңашылдықтар қандай? «Халықаралық
рейстер саны артады. Көктемгі-жазғы авиация маусымы басталды».
Осы бағдарлар және әуежайдың биылғы даму жоспарлары
жайында Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен
брифингте Алматы халықаралық әуежайының президенті Альп Ер
Тунга Ерсой егжей-тегжейлі айтып берді.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымын 75 жылдық мерейтойымен құттықтады.
- Президент төрт мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.
- Сенат Төрағасы Индонезия Парламенті Палатасының Вице-спикерімен кездесті.
- 10 сәуірде Қазақстанға Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев ресми сапармен келеді.
- Үкіметте тау-кен металлургия кешенін дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.
- 26-27 сәуір күндері Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXII сессиясы өтеді.
- Алматы қалалық ПД көші-қон қызметінің мәліметінше, биылғы жылдың алғашқы үш айында қалаға 21 805 шетел азаматы келген.
- Алматының білім беру жүйесін дамыту бойынша Жол картасына 90-нан астам іс-шара енгізілген.
- Қазақстанда жер учаскелерін алу жеңілдетіледі.
- Шымкент мұнай өңдеу зауытындағы жөндеу жоспарлы мерзімінен бұрын аяқталды.
- 9–14 сәуірде Астанада күрес түрлері бойынша 36-шы Азия чемпионаты өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

3



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Франция Президентінің Арнаулы өкілі Изабель Дюмонды қабылдады. Мәртебелі мейман Қасым-Жомарт Тоқаевқа Франция Президенті Эмманюэль Макронның хатын табыс етті.

«Франция – Қазақстанның жетекші саяси және экономикалық серіктестерінің бірі. Біз екі ел арасындағы ынтымақтастықты, сіздің еліңіздің халықаралық аренадағы рөлін және Францияның экономикалық әлеуетін жоғары бағалаймыз. Екі ел арасында іске асыруды қажет ететін көптеген уағдаластық бар. Қазақстанда француз капиталының үлесі бар 170 кәсіпорын жұмыс істейді және жетекші француз компаниялары қызмет етеді. Біздің экономикамыздағы француз компанияларының қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіледі», – деді Мемлекет басшысы.

Изабель Дюмон Францияның Қазақстанмен қарым-қатынасты дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Оның айтуынша, Франция Қазақстан Президентінің жүргізіп жатқан реформалар саясатын толық қолдайды. Франция Президентінің Арнаулы өкілі Қазақстанның әлемдегі қазіргі күрделі геосаяси жағдайға қатысты ұстанымына жоғары баға берді.

■ СЕНАТ

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен, сондай-ақ ғалымдар мен сарапшылармен кездесті. Жүздесу ғылым саласының жай-күйі, проблемалары, келешегі және құқықтық реттеу мәселелеріне арналды.

Сенаторлар мен ғалымдар ғылыми мамандардың жетіспейтіні және жалақысының төмендігі туралы мәселелерді көтерді. Сондай-ақ, Қазақстанның жаһандық инновациялық рейтингте артта қалуы мен еліміздегі инновациялық өндіріс үлесінің төмендігі де айтылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген ғылымды дамытудың 2025-2026 жылдарға арналған бағдарламалық құжаттары саланың кадрлық әлеуетін нығайтуға, ғылыми экожүйенің бөсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

■ ЕҚЫҰ

Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Асқар Шакиров ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының «Болашақ ұрпақ туралы ұнқатысу» тақырыбымен өткен вебинарына қатысты.

ЕҚЫҰ ПА мүшелері, БҰҰ сарапшылары, ұлттық үкіметтер және азаматтық қоғам өкілдері шара барысында келешекте Болашақ ұрпақ туралы декларацияны қабылдау жайын талқылады.

■ МӘЖІЛІС

Экология және табиғат пайдалану комитетінде «Жылу энергетикасы туралы» заң жобасы мен оған ілесіп түзетулер таныстырылды.

Заң жобасын Азия даму банкі таратқан халықаралық сарапшылардың техникалық қолдауымен Энергетика министрлігі әзірледі. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевтің айтуынша, Заң жобасы жылу энергетикасы саласындағы саясат үшін құзыреттер мен жауапкершілікті қайта бөлуді көздейді. Спикер тұжырымдағандай, заң жобасының өзекті аспектісі – жылу энергетикасын дамытудың мастер-жоспарын енгізу. Мастер-жоспар аумақтарды дамыту, тұрғын үй құрылысы, халық санының серпіні, өнеркәсіпті дамыту жоспарлары мен бағдарламаларымен және басқа да факторлармен өзара байланысты жылу энергетикасының жоспарлы үдемелі дамуын қамтамасыз етуге арналған.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар, Бас прокуратура, БҚДА, ҚМА және басқа да ведомстволар басшылығының қатысуымен Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Жиынға қатысушылар мұнай-газ саласының маңызды инфрақұрылымдық объектілерін мемлекет меншігіне қайтару барысын, теміржол жүк тасымалы нарығындағы жасанды монополияларды жою жөніндегі шараларды және астық тасымалдау нарығы субъектілерінің жауапкершілігін арттыру тетіктерін талқылады.

■ ИНВЕСТИЦИЯ

Үкіметте GE Healthcare компаниясының Қазақстандағы жаңа инвестициялық жобаларын жүзеге асыру жөніндегі жоспарлары талқыланды.

«GE Healthcare компаниясының әлемдегі жетекші медициналық жабдыктар өндірушілерінің бірі ретіндегі жоғары беделін ескере отырып, біз жаңа жобаларды жүзеге асыруды қолдаймыз және серіктестікті тереңдетуге мүдделіміз», – деді Үкімет басшысы. Өз кезегінде GE Healthcare компаниясының Ресей және ТМД-дағы бас директоры Елена Легезина республикада компания қызметін дамыту үшін үлкен әлеует барын атап өтті. Бұл ретте Қазақстанда УДЗ аппараттары мен компьютерлік томографтар өндірісін локациялау жобасы пысықталуда. «Біз Қазақстанға тек жоғары технологиялық жабдыктарды ғана емес, сонымен қатар онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу тәсілдері мен тұжырымдамаларын ұсына аламыз. Сонымен қатар, Астана мен Алматы қалаларынан екі академия ашуды жоспарлап отырмыз, мұнда қазақстандық мамандар құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді үйреніп қана қоймай, емдеудің жаңа әдістерін де меңгере алады», – деді Елена Легезина. GE Healthcare компаниясы республиканың денсаулық сақтау саласын цифрландыруға жәрдемдесуді және медициналық техника сервисін дамытуды жоспарлап отыр.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

Отбасының цифрлық картасын енгізудің нәтижесінде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 75 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсету үшін SMS-хабарлама жолданды. Бұл ретте өтініш берусіз жәрдемақы немесе төлем алу мүмкіндігін 5,8 мың адам пайдаланды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлағандай, қазіргі уақытта ОЦК мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар қазақстандықтарға қандай да бір өтініштерсіз жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрін рәсімдеуге мүмкіндік береді. Олар: жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем, бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем, жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем, асырау-шысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-анасына (қамқоршысына) жәрдемақы, мүгедектігі бойынша жәрдемақы, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек. Сондай-ақ, ОЦК арқылы зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі туралы автоматты хабарлама іске асырылды.

(Дереккөздер: akorda.kz; www.parlam.kz; primeminister.kz; ortcom.kz).

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ҚҰЖАТ ПЕН ҚАҒАЗДЫ
ҚОСЫМШАЛАР АЛМАСТЫРДЫ

XXI ғасыр жаңа технологиялық мүмкіндіктер заманы екені сөзсіз. Технологиялық жетістіктердің арқасында үйден шықпай-ақ әлемді аралап, қалаған затыңа тапсырыс беруге болады. Барлық керегінді қолыңдағы бір құрылғыдан алып, күнделікті кеңсеге барып жүрмей, онлайн-режимде жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Бүгінгі күні сәби туған сәттен бастап, ол зейнетке шыққанға дейін адамның өмірі жан-жақты цифрланған. Сәби дүниеге келгенде оның құжаттарын проактивті, яғни онлайн-режимде рәсімдей де аласыз. Бұл мысал жаңа технологиялық жетістіктердің игілігі мен әлемдегі цифрланудың бейнесін көрсетеді.

Досбол
АТАЖАН

Дегенмен, технологиялық мүмкіндіктердің әр мемлекетте әртүрлі деңгейде екенін де ескере кеткен жөн. Еліміз заман ағымына сай болу үшін 2017 жылы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Осы бағдарлама негізінде еліміздің барлық саласы жаңа технологияларды пайдалана отырып, цифрландырыла бастады. Бағдарлама 2018 жылдан бері 4 жыл іске асырылды және былтыр аяқталды. Осы уақыт аралығында қазақстандықтардың өмірін жеңілдететін әрі бюрократиядан біршама арылуға көмектескен көптеген цифрлық платформалар жасалды. Бірі салық төлеуге, енді бірі – құзыретті органдарға шағым жазуға көмектесетін бұл цифрлық платформаларды назарларыңызға ұсынамыз.

eGov – электрондық
үкімет порталы

Бұрын ұзын-сонар кезекте тұрып, Халыққа қызмет көрсету орталығында алатын құжаттарды бүгінде азаматтарымыз осы порталдан онлайн алуға мүмкіндігі бар. Дегенмен, eGov сайты смартфонмен қолдануға ыңғайлы болмағандықтан, арнайы eGov mobile мобильді қосымшасы жасалды. Адамдар тіркелгеннен кейін бұл қосымшадан жеке куәлігін, паспорт мен вакцинация паспортын цифрлық форматта ала алады. Сондай-ақ, eGov mobile-дың «Қызметтер» бөлімінде білім, денсаулық сақтау, жәрдемақы мен зейнетақы, жүргізу және көлік, туу және неке, құқықтық көмек, әскери есепке алу және өзге де салалық қызметтер қолжетімді. Танымал қызметтер қатарында: «ХҚКО кезекті брондау», «Автокөлікті заңдастыру үшін тексеру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама», «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама» және т.б. бар.

eOtinish – мемлекеттік
органдарға өтініш берудің
жаңа жолы

Қазақстандықтар өкілетті органдарға, оның ішінде әкімдіктерге, министрлік пен комитеттерге, тіпті кей ұлттық компанияларға өз шағымдарын осы сервис арқылы бере алады. Яғни eOtinish-те әр азамат өзін аландататын сұрақтарды қашықтан қоя алады немесе белгілі бір саланы дамытуды өтіне алады, сондай-ақ біреудің жұмысына шағымдана алады. eOtinish арқылы тіпті сотқа жүгінуге болады. Айта кеткен жөн, бүгінгі күні сервиске 25 мың ұйым қосылған. Ашық дереккөздерге сүйенсек, ай сайын 200 мыңға жуық қазақстандық eOtinish сервисін мемлекеттік мекемелерге сұрақтар қою немесе шағым жазу үшін пайдаланады. Қазірдің өзінде айтылған сервис 2,5 миллионнан астам өтініштерді өңдеген. Жалпы, eOtinish сервисі отандастырамызға eotinish.kz сайтында немесе eGov mobile, Aitu қосымшаларында қолжетімді.

E-Salyq-Azamat және
E-Salyq Business – жеке
тұлғалар мен
кәсіпкерлерге салық
бойынша қызметтерді
жеңілдетуге арналған
қосымшалар

Мемлекеттік кірістер комитетінің әзірлеуімен 2020 жылдан



бастап «E-Salyq-Azamat» мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл сервис арқылы адамдарға дайын деректемелер бойынша салық сомасын білуге мүмкіндік береді және жеке мүлікке, жерге, көлік құралына қолда бар салық салу объектілері бойынша онлайн толықтыруларды, автотасымалдауды және қарауды жүргізуге болады. Қосымшаның негізгі мәзірінде «Электрондық салық әмияны», «Салық және әлеуметтік төлемдер бойынша берешек туралы Сервис», «Салық төлеушілерді іздеу» (салық есебінің бар болуын тексеру) және өзге де электрондық қызметтер бар. Ал E-Salyq Business қосымшасы кәсіпкерлер үшін салық рәсімдерін жеңілдетеді. Сервис жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге, қасалық чектің орнына мобильді қосымшаның чегін беруге, салықтар мен әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде есептеуге, кәсіпкерлік қызметті оңайлатылған тәртіпте тоқтатуға мүмкіндік береді. Айтылған қосымшаларды App Store, Play Market және App Gallery-ден жүктеуге болады.

E-tutynushy – тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша шағымдар қабылдауға арналған платформа. 2021 жылдан бастап e-tutynushy.kz шағымдарды қабылдау және қараудың бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істей бастаған. Оның мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі барлық шараларды бір жерге шоғырландыру, шағымдарды дайындау және оларды құзырлы органдарға жолдау рәсімдерін жеңілдету, сондай-ақ барлық өтініштер мен оларды қарау нәтижелерін цифрландыру. Бүгінгі күні платформаға 276 ұйым мен 23 мыңнан астам азамат тіркелген. Сонымен қатар, барлығы 4000-ға жуық өтініш жіберілген. Айта кеткен жөн, құқығы бұзылған тұтынушы өтініш жіберген соң, оның жауабы азаматқа SMS арқылы келеді.

● ТҮЙІН:

Қағазбастылық біртіндеп өткен күннің естелігіне айналып келе жатқаны көңіл қуантады. Еліміз цифрландыру деңгейі бойынша ТМД елдерінде алдыңғы орында. Бұл ақпан айында шаһарымызда өткен «Digital Almaty 2023» форумында анық байқалды. Ендігі кезекте бұл жетістікпен тоқтап қалмай, проактивті қызметтердің санын арттыра береміз деп сенеміз. Сондай-ақ, «етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» дегендей, айтылған платформаларды әр азамат өз игілігіне пайдалану үшін еліміздің барлық өңірлерінде интернет байланыс жоғары деңгейде болса деген тілек-ұсынысымызды айтамыз.



ТАҒАЙЫНДАУ

ҚАЛА ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының м.а. бұйрығымен Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары болып Мерей Абзалбеков тағайындалды.

Абзалбеков Мерей Ягудаұлы 1982 жылы 25 маусымда туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «тарих» мамандығы

бойынша бітірген, тарих магистрі. М. Абзалбеков мансабын А.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші инженері ретінде бастап, Қапшағай қаласындағы 32363 әскери бөлімде офицерлік қызметте болды.

Жастар саясаты саласында жұмыс істеді – Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту жөніндегі мемлекеттік қор директорының орынбасары, Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың жастар жобалары және шығармашылық бастамалары

бөлімі басшысының м.а. лауазымдарын атқарды.

Алматы қаласы әкімі аппаратының құрылымында Алматы қаласы әкімі аппаратының хаттама, нормативтік құқықтық актілерді тіркеу және ресімдеу бөлімінің бас маманы, Алматы қаласы әкімі аппаратының әлеуметтік-мәдени сала бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді.

Тағайындалғанға дейін Алматы қаласы әкімі аппараты қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметін атқарды.



ШАҒАР
ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Шуақты көктем келгелі Алматының барлық аудандарында қалпына келтіру жұмыстары басталып кетті. Өзіңіз де байқаған боларсыз, жолдарда шұңқырларды жөндеу, орындықтарды, қоршаулар мен урналарды, аялдамалар мен басқа да нысандарды сырлау жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, аудандарда қоқыс жинау сенбіліктері де өтеді.

АЛМАТЫНЫ АБАТТАНДЫРУ

көктемгі қалпына келтіру-жөндеу жұмыстарынан басталады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алатау ауданында Райымбек даңғылында және Саин, Рысқұлов, Момышұлы, Қудрин, Емцов және басқа да көшелерде шұңқырлы жөндеу жұмыстары басталды.

Алматы ауданында Абай, Жамбыл, Манас және Гоголь көшелерінде шұңқырлы жөндеу жұмыстары басталды.

Әуезов ауданында Жандосов, Алматы, Шалайпин, Сүлейменов, Асқаров көшелері, Абай даңғылы (Саин және Момышұлы көшелерінің арасында), сондай-ақ «Мамыр-3» шағынауданының өтпелі жолдарының шұңқырлары жөнделді.

Бостандық ауданында Желтоқсан, Наурызбай батыр, Тимирязев, Жароков, Байтұрсынов, Жандосов, Исиналиев, Үшкөмпіров және басқа да көшелердегі жол-асфальт төсемдерін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жетісу ауданында шұңқырларды жөндеу, сондай-ақ орындықтар мен урналарды сырлау сәуір айының соңына дейін жүргізіледі. Көктемгі маусымның басынан бері ауданда сенбіліктер 8 түрлі жерде өтті. Барлығы 211 адам, 29 бірлік техника қатысып, 84 текше метр қоқыс шығарылды.

Медеу ауданында Достық және Назарбаев даңғылдарында, сондай-ақ Сәтбаев, Омаров, Керей Жәнібек хандар, Қазыбек би, Қалдаяқов, Бөгенбай батыр, Төле би көшелерінде жолдардың шұңқырларын жөндеу жүргізілді.

Наурызбай ауданында Қонаев, Сабденов, Әшімов, Әбділдин көшелерінің шұңқырлары жөнделді. Ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейін 27 көшеде жөндеу жұмыстары жоспарланған.

Түркістан ауданында Майлин, Бұқтырма, Лавренев, Бекмаханов, Шемякин және т.б. көшелеріндегі жол жабынын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Алаңы 800 шаршы метрден асады. Жұмыстарға 2 бригада, 8 бірлік техника жұмылдырылды. Ауданда 470 урна, 60 орындық, 300 метр қоршау, сондай-ақ 4 жерүсті және 3 жерасты өткелдерін сырлау жұмыстары басталды.

Материалдың толық нұсқасын
www.almaty-akshamy.kz
сайтынан оқи аласыздар.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ

ГАУҒАР ТОЙҒА ЖЕТКЕН ЖҰП

Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде ерекше неке кино рәсімі өтті. Алматыда туып-өскен ерлі-зайыпты Валерий және Зоя Ахмуртовтар шаңырақ құрғандарына 55 жыл толған мерейлі гауһар тойларын тойлады.



Айнұр
НҮРСАБЕК

Жарты ғасырдан астам қол ұстасып, отбасылық өмірді бірге сүріп келе жатқан бақытты жан-ұяға Түрксіб ауданындағы Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің қызметкерлері және әкімдік өкілдері ерекше құрмет көрсетіп, жұбайлардың неке кино рәсімін ұйымдастырды. Жұбайларға Қазақстан Республикасының жаңа үлгідегі неке куәлігі табыс етілді. Түрксіб ауданы



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

әкімдігінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғалия Асқарқызы мерейтой иелерін құттықтап, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтарын берді.

Салтанатты шараға Валерий мен Зоя Ахмуртовтардың ұлы Евгений, қызы Наталья және немерелері, отбасылық достары мен ет-жақындары қатысты. Олар әдемі жұптың неке жүзік-

терімен алмасқан сәтіне куә болды. Өулеттегі тағы бір қуанышты жаңалық, 2 ай бұрын атай мен әжейдің шөбересі Максим дүниеге келді.

«Осыдан 55 жыл бұрын ақ көйлек киіп, қалыңдық атанған кезім есіме түсіп, көзіме жас келіп тұр. Өрімдей жап-жас едік. Біз бір қалада, бір аулада өстік. Валерий мен менің ағам жақсы

дос болды. 20 жасымда туған күн кешінде бір-бірімізге сезіміміз оянып, сөзіміз жарасты, міне содан бері біргеміз», – дейді Зоя әжей.

Валерий Ахмуртов әскери борышын өткөп келгеннен кейін, 1968 жылы 24 жасында сүйкімді аруға ғашық болып, мәңгілік бірге болуға ұсыныс жасайды. Өзі сымбатты, спортты жанына серік еткен, атқа мінгенді жақсы көретін, еңбекқор, гитарада шебер ойнайтын өнерлі жігітке тұрмысқа шығуға Зоя ару да қарсы болмапты.

«55 жылдық отбасылық өмірде жарқын, бақытты сәттеріміз көп болды. Бірақ екі адамның бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруі оңай емес. Сондықтан бүгінде отбасы құрып жатқан жас жұбайларға төзім, сабырлылық тілеймін. Махаббатты аялау үшін алдымен бір-біріне деген сыйластық керек. Бір отбасында «менікі», «сенікі» деген болмайды, бәрі ортақ. Бір-бірін кешіре білетін, бір-бірінің тіпті кемшілігін де жақсы көретін жұбайлар бақытты болады», – дейді Валерий Ахмуртов.

БРИФИНГ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ: Халықаралық рейстер саны артады



Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

Спикердің айтуынша, өткен жылы Алматы әуежайы 7 миллионнан астам жолаушыны қабылдап, 64 мыңнан астам рейс жасаған.

«30 наурыздан бастап көктем-жаз маусымы басталды. Биыл бізге 8 миллионнан астам жолаушы келеді деп болжап отырмыз. 67 бағыт бойынша 70 мыңнан астам әуе рейсі және 94 мың тонна жүк рейсі күтілуде. Біз сонымен бірге жаңа бағыттар бойынша дамуды да жоспарлап отырмыз: Ашхабад, Ереван, Карачи, Кутаиси, Лахор, Маскат, Кайрол және Сиам», – деді Алып Ер Тунга Ерсой.

Тақырыпқа орай айта кетсек, қазіргі күні ең танымал халықаралық бағыттар: Стамбул, Дубай, Анталия, Мәскеу және Ташкент рейстері. Ішкі рейстердің қатарында Астана, Шымкент, Ақтау, Атырау және Ақтөбе бар.

Сондай-ақ спикер әуежайда

жаңа терминал құрылысы жүріп жатқанын, оның жұмысы 53 пайызға орындалғанын атап өтті. Жаңа терминал келесі жылдың жазына дейін аяқталуға тиіс.

Спикер әуежайдағы автотұрақ пен пандустарды қайта жаңғырту мәселелеріне де тоқталды. Әуежай басшылығы пандустарды жөндеу жұмыстары осы жаздың ортасында аяқталатынын айтып отыр. Бұл ретте олар халықаралық рейстерге пайдаланылатын жаңа пандус салуды көздейді.

«Жаңа VIP-терминалдың құрылысы аяқталғаннан кейін оның оңтүстік бөлігі автотұрақ үшін пайдаланылатын болады. Екінші пандус салынғаннан кейін тұрақ орны кеңейіп, тұрақ мәселесі шешіледі деп отырмыз», – деді спикер.

Қазір әуежай басшылығы цифрландыру мәселесіне көңіл бөлуде. Мәселен, құрылыс жүріп жатқан терминалда электронды өзін-өзі тіркеу бекеттері мен сандық жүк жүйесін орнату жоспарлануда. Осыған ұқсас жүйелер жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін қолданыстағы терминалда да орнатылады.

«ALMATY USTAZY» БАСТАЛДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Байқауға Алматы қаласының мемлекеттік мектептерінде еңбек ететін 36 жасқа дейінгі негізгі пәндерді оқытатын 1–11-сынып мұғалімдері қатысады.

– Өткізілетін байқаудың мақсаты – педагогтардың таланты мен шығармашылық әлеуетін анықтау, озық педагогикалық тәжірибені тарату және педагог мәртебесін арттыру, – деп атап өткен Ғылыми-әдістемелік орталық директорының орынбасары Назгүл Биболова байқаудың үш кезеңде өтетінін жеткізді.

– Байқаудың бірінші кезеңінде қатысушылар – «Менің білім философиям» тақырыбында мультимедиялық мақала әзірлеуге тиіс.

– Екінші кезеңде – «Мұғалім-кәсіпқой» атты конкурстық сабағын өткізеді.

– Үшінші кезеңде – «Мен – мұғалім-көшбасшымын» тақырыбын-

да авторлық шеберлік сабақтарын өткізеді (өз педагогикалық тәжірибем мен шеберлігімнің тұсауке-сері).

Сонымен, байқау жеңімпаздары 5 млн теңгеден алып, бес финалистің Хельсинкиде тағылымдамадан өтуге мүмкіндігі бар.

– Білім беру саласын дамытудың белгісі жаһандық цифрландыру деңгейі болып табылады. Осы конкурсты ұйымдастыра отырып, біз педагогтарымыздың ақпараттық құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру дәрежесіне үлкен мән беретін боламыз, – деді өз кезегінде «Ғылыми-әдістемелік және инновациялық» жұмыс бөлімінің басшысы Әкімжан Сайлыбаев.

Өткен жылғы байқауға Алматы қаласының 3000-нан астам жас педагогы өтінім берген еді. Дәл қазіргі уақытта бір жарым мыңнан астам жас мұғалім тіркеуден өтті. Байқау ұйымдастырушыларының айтуынша, қатысушылар саны жыл сайын артып отыр.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ЗАҢСЫЗ
САЛЫНҒАН
кезекті нысан сүрілді

Алматыда заңсыз салынған құрылыстарды анықтап, оларды бұзу жұмысы жанданды. Кеше сәулет және құрылыс саласындағы уәкілетті органдардың тексеруінен кейін, қаладағы рұқсат етілмеген жерге салынған нысан сүрілді.

Ол Назарбаев даңғылындағы 240-үйге жапсарлай орналасқан «Здесь и сейчас» кафе-барының жазғы террасасы болатын. Мамандардың айтуынша, «Bars Holding» ЖШС-нің меншік иесі рұқсат құжаттарының мемлекеттік қорға тиесілі жерге қосалқы нысан тұрғызған. 2022 жылғы 28 маусымда Қала құрылысын бақылау басқармасы Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (МАЭС) осы қосалқы нысанды бұзу жөнінде талап арыз берген еді.

Алматы қаласы МАЭС шешімімен қосалқы нысанның заңсыз салынғаны және оны бұзу туралы талап-арыздар толық көлемде қанағаттандырылды. Осылайша 2023 жылдың 7 сәуірінде, яғни кеше сот орындаушыларының қатысуымен нысан бұзылды.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

ЕЛ АРДАҚТЫСЫ

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазКСР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Роза Шамжанованың құрметіне мемориалдық ескерткіш-тақта қойылды.



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ол 1942 жылы ҚазМУ-де оқып жүрген кезінде өз еркімен майданға аттанып, 33-байланыс бөлімшесінде командир болған. Соғыстан кейін Мәскеу халықаралық қатынастар институтын бітірген. ҚазКСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында ғылыми қызметкер, 1951–1953 ж.ж. Бүкілодақтық шет елдермен мәдени байланыс қоғамының Қазақ бөлімшесі өкілінің орынбасары болған. 20 жылдан астам уақыт Қазақ достастық және шетелдермен байланыс қоғамын басқарған.

«Роза апаймен 7 жылдай еңбек атқардым. Ол кісінің табандылығына қайран қалатын едік. Бірге шетелдерде Қазақстанның мәдени күндерін ұйымдастыратын едік. Роза Шамжанқызы кішкентай кезінен жетімдер үйінде өскен.



Бұл үйде
1975-2008 жылдары
мемлекет және қоғам
қайраткері, Ұлы Отан
соғысының ардагері
ШАМЖАНОВА
РОЗА ШАМЖАНҚЫЗЫ
тұрған
16.10.1923 - 06.03.2008 ж

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сол кездерде мал шаруашылығын дамытуға атсалысып, мал жайып, бұзауларды бағуға көмектескен. 13 жасында Қазақстаннан барған делегация құрамында, 1936 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық мал шаруашылығының озат жұмысшылары жиналысына қатысқан. Ерік-жігерінің арқасында 2 жылда бір рет шетелге мәдениетіміз, ұлттық болмысымызды, әдебиетімізді танытуға өлшеусіз үлес қосты», – дейді ҚР еңбек сіңірген дипломаты, профессор Қайрат Исағалиев.

Іс-шараның өтуіне Алматы қаласының Мәдениет басқармасы мұрындық болды. Мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне туыстары, дос-жарандары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, шәкірттері қатысты.

«Анам жұмыста қатал болғанмен өмірде кішіпейіл, адамдарға жанашыр еді. Еңбекке жастайымыздан араластырды. Ол өз ісіне адал адам еді. Еліміздің көптеген қоғам қайраткерлерімен араласты, әлемге қазақты танытты. Соғысты да, жоқшылықты да көрді. Отбасындағы 4 баладан мен ғана қалдым қазір. Ескерткіш-тақтаны қоюға, орнатуға үлес қосқан жандарға алғысымды білдіремін», – дейді ұлы Ерлан Сәдуақасов.

Тынымсыз еңбек пен адамгершілік қасиеттерінің арқасында Роза Шамжанқызы ел ардақтысына, халқының қалаулы тұлғасына айналды. Шетелдермен мәдени байланысты дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан, Болгария, Моңғолия, Румыния, Чехословакия, Германия, тағы да басқа елдердің жоғары наградаларымен марапатталған.

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ БАҒАСЫ:
тарифтер мәселесінде тиімді жол қарастырылады

Бұл аптадағы күн тәртібінен түспей, қоғам талқысындағы болған мәселе – жанар-жағармай жайында болды. Құзырлы мемлекеттік органдар мамандарының айтуынша, оған себеп – бензин мен дизельдің заңсыз жолмен шетелге сатылуы және қазіргі бағаның өндірушілер үшін тиімсіз болуы.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бізге белгілісі, еліміздің үш мұнай өңдеу зауытында жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін, мұнай өңдеу көлемі 3 млн тоннаға артқаны. Бұрынғы Энергетика министрінің айтуынша, қазір жылына шамамен 17 млн тонна шикі мұнай өңделеді. Соңғы 5 жылда елімізде бензин шығару көлемі 70%-ға (3 млн тоннадан 5 млн тоннаға дейін), дизель отыны – 33%-ға (4 млн-нан 5,2 млн тоннаға дейін) өскен. Ал өткен жылы дизель отынын шығару бойынша рекордтық көрсеткіш – 5,2 млн тоннаға жеткен. Бірақ қазіргі жағдайда еліміздің бірқатар өңірлерінде дизель тапшылығы байқалып отыр.

Еліміздегі дизель отыны тапшылығының басты себебі «бағадағы диспропорция» дейді мамандар. Айтуларынша, Қазақстан – әлемдегі жанармайы арзан он елдің қатарында, сондықтан біздегі отандық отын бағасы көрші елдермен салыстырғанда айтарлықтай арзан. Мәселен, Ресейде дизель бағасы орташа есеппен литріне 345 теңге болса, ол біздегі нарық бағасынан 45%-ға қымбат. Қырғызстандағы баға 64%-ға жоғары, яғни литріне 390 теңге, Өзбекстандағы баға бізбен салыстырғанда екі есеге қымбат – литріне 480 теңге, бағамыздағы айырмашылық – 101 пайыз. Ал қазақстандық дизель отынын түрлі жолдарды пайдаланып, шетелге сатудан

түсетін пайда 50%-дан 120 %-ға дейін жетеді, жалпы пайда жылына шамамен 140 млн АҚШ долларын құрайды. Демек, көрші елдердегі жағдай Қазақстанның ішкі нарығына да әсер етіп отырады. Мысалы, өткен жылдың наурызында Ресейдегі бөлшек саудадағы дизель отынының бағасы Қазақстандағы бағамен теңесіп, арзандаған болатын. Нәтижесінде Қазақстанда Ресеймен шекаралас жанармай станцияларында отынды сату көлемі азайғаны байқалды. Ал бұл елден жанармай шығару экономикалық тиімсіз екенін көрсетті. Кейін көрші елдердегі баға күрт көтерілген кезде, Қазақстан дизель өндіру көлемін арттырған күннің өзінде, күз айларында оның тапшылығына қайта тап болып отыр.

Осыған орай министр ағымдағы төмен бағалар сақталып тұратын болса, елде қанша жанармай өндірілсе де барлық сұранысты қамтамасыз ете алмайтындарын айтуда. Олар сондай-ақ, бағалар арасындағы айтарлықтай айырмашылыққа байланысты көрші елдерге «ағын» жалғаса берсе, сәйкесінше оның көлемі де арта түсетінін, ал бұл бізге ешқандай нәтиже бермейді дейді. Оған жанармай бағасындағы диспропорция «көлеңкелі» нарықты дамытып, ұлттық экономикаға/мүддеге кері әсерін тигізетінін қосыңыз. Төртіншіден, жанармайға төмен бағаның сақталуы мұнай-газ саласына инвестиция тартуға, оны дамытуға, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, ресурстық базаны



толықтыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ішкі нарықтағы жанармай жағдайын тұрақтандыру үшін Қазақстанның көрші елдермен салыстырғандағы бағадағы айырмашылықты төмендетіп, бөлшек саудадағы жанармай бағасын көтеру қажет деп есептейді.

Десек те, қазір көктемгі егіс жұмыстарының қызған шағы. Бұл тұрғыда жанар-жағармай бағаларының өсуі фермерлерге қаншалықты әсер етеді деген заңды сұрақ туындайтыны белгілі. Ал мамандар көктемгі егіс жұмыстары аяқталғанға дейін фермерлер үшін дизель отынының бағасы өзгермейтінін айтуда. Қазіргі таңда елімізде операторлардың шығындарын қоса есептегенде, дизель отыны шаруалар үшін литріне 204 теңге болып отыр. Бұл нарықтағы бағадан 15–20%-ға арзан көрінеді. Бүгінде өңірлерге 413 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 13 мың тоннаға артық. Демек, көктемгі дала жұмыстарына бекітілген көлем бірінші кезекте жөнелтіледі дейді энергетика министрі.



Жасыратыны жоқ, елде жанармай қымбаттаса, ол барлық салаға әсер етпей қоймайды. Сондықтан бұл ең біріншіден, азаматтардың әл-ауқатын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Себебі, кез келген тарифті көтеру халықтың қалтасына қосымша салмақ болады. Осыған орай, құзырлы орын басшылары тарифтер мәселесінде тиімді жол қарастырылатын болады.

Ал Премьер-Министрдің орынбасары, Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, елімізде жанармай қымбаттаса, азық-түлік құнының артуына соншалықты әсер етпейді. «Биыл күзгі егіс жұмыстарына 413 мың тонна дизель отыны бөлінді. Ол арзандатылған бағамен литрі 204 теңге болады. Бұл баға өзгермейді. Сондықтан жанар-жағармай бағасының өсуі азық-түліктің қымбаттауына аса әсер етпейді. Қазір елімізде баға тұрақты, осы орайда бірден өсіруге негіз көрмей тұрмын. Оның үстіне бізде азық-түлік қоры бар», – дейді ол.



МЕГАПОЛИС

ТҮЗУ КӨШЕ, ҚАУІПСІЗ ЖОЛ

«Жайлы қала» қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді

Жолдың сапалы болуы әрбір тұрғын үшін маңызды. Сондықтан көшелерге тақтайдай тегіс асфальт төселсе және оның бойы заманауи үлгідегі шамдармен жарықтандырылса, халыққа қолайлысы да сол. Бүгінде Алматының жолдарына тиісті қаражат бөлініп, барлығы жоспар бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асуда.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға арнайы келіп, қала жұртшылығымен кездескен болатын. Президент кездесу барысында Алматының ел тарихында айрықша орын алатынын айта келіп, қаланың дамуына қатысты бірқатар тапсырмалар беріп еді.

Қазіргі таңда Алматыда Мемлекет басшысының тапсырмасына орай қала әкімі Ерболат Досаевтың тікелей қадағалауымен бірталай шаруа орындалып жатыр. Осы орайда біз Алматыны әртіраптандыру және қала инфрақұрылымын жаңғырту барысындағы жұмыстарға қысқаша шолу жасамақпыз.

Бүгінде Алматының жол-көлік жүйесі – күн тәртібінен түспей тұрған, көптің назарындағы мәселе. Мемлекет басшысы кездесу барысында дәл осы мәселеге ерекше тоқталып, көпшіліктің сағаттап көлік кептелістерінде тұратыны, бұл азаматтардың денсаулығына әсер етіп қана қоймай, қала экономикасы мен экологиясына да айтарлықтай зиян келтіретінін тілге тиек еткен-ді. Сондықтан адамдарға «жайлы қала» қағидатын іске асыруға мүмкіндік беретін үйлесімді және теңгерімді жол-көлік кешенін салу маңызды екенін айта келіп: «Қоғамдық көліктердің тартымдылығын дәйекті түрде арттыра отырып, жеке көліктерді пайдалануды азайту жайын ойластыру керек. Ол үшін метро желісін кеңейтуді жалғастыру қажет. Ескірген және экологияға зиян келтіретін көлік түрлерінен бас тарту керек. 2025 жылдан кейін Алматы көшелерінде дизельді автобустар қалмауға тиіс. Оларды газбен және электр қуатымен жүретін көліктер алмастырады. Алматыда оны табысты дамытудың мол тәжірибесі бар. Транзиттік жүк тасымалының басым бөлігін Үлкен Алматы айналма жолына көшіру де қалаға оң әсерін тигізеді. Бұл үшін 6 радиалды және 4 ішкі негізгі көше салу қажет», – деген болатын.

Көлік кептелісін азайтады

Бүгінде Алматыны айналып өтетін Үлкен Алматы айналма жолының

құрылысы бойынша барлық негізгі деген жұмыстар аяқталған. Одан кейін абаттандыру және жол ақысын алу жүйесіне арналған арнайы тақтайшалар орнатылды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің автомобиль жолдары комитетінің мәліметінше, концессия туралы заңға сәйкес жобалар инвесторларға мемлекет балансына қабылданғаннан кейін ғана беріледі. Осыған байланысты айналма жолды пайдалануға беру 2023 жылдың екінші жартысына жоспарланып отыр.

І техникалық санат бойынша салынған жолдың жалпы ұзындығы 66 шақырым. Оның 57-сі 6 жолақты, қалған 7 шақырымы 4 жолақты болмақ. Бұл өз кезегінде Алматы қаласының аумағындағы қозғалыс ағынын азайтуға, транзиттік көліктер санын қысқартып, экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жоба үздіксіз және қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етеді. Оған қоса, Еуропа мен Азия арасын жалғайтын автокөлік дәлізімен жүретін қозғалысқа да дем бермек.

Биыл екі жүзден астам көше жөндеуден өтеді

Алматыда биыл да жол жөндеу үшін бірқатар жобалар жүзеге асады. Атап айтқанда, осы жылы мегаполистің жалпы ұзындығы 200 шақырымнан асатын екі жүз көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оған қала бюджетінен 20 млрд теңге бөлінді. Орташа жөндеу кезінде жолдың тозығы жеткен жоғарғы қабатын қалпына келтіру үшін кешенді жұмыстар жүргізіледі.

Магистральдық көшелердегі орташа жөндеу жұмыстары 27 тамызға дейін, ал аудандық мәні бар көшелердегі жұмыстар 30 қазанға дейін жүргізілетін болады. Жол ақауларын шұғыл тегістеуді көздейтін ағымдағы жөндеу аясында Алматыда жол бойындағы шұқырлар мен жарықтар тегістеліп, люктер көтеріліп, тағы басқа ағымдық жұмыстар жүргізіледі.

Осы жұмыстарды іске тапсыру үшін қала бюджетінен 2,8 млрд теңге бөлініп отыр. Жоспарға сәйкес 350 мың м² астам жол ағымдағы жөндеуден өтеді, сондай-ақ 30 км тротуар мен 40 аялдама кешені



КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл 200 шақырым болатын 200-ден аса көше орташа жөндеуден өтеді.
- Бұған қала бюджетінен 20 млрд теңге бөлінді. Жұмыс сараптама нәтижесі шыққаннан кейін сәуір айында басталады.
- 6 шағынауданда 30 шақырым жаңа жол салынады.
- Алматының көше-жол желісінің жалпы ұзындығы – 3096 шақырымды құрайды.
- 2025 жылға қарай мегаполистегі жолдардың 95%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жетеді.

жөнделеді. Жыл соңында қанағаттанарлық және орташа деңгейдегі жол үлесін 89%-ға жеткізу жоспарлануда. Жол құрылысы жоспарына 6 шағынауданда 30 шақырым жаңа жол салу енгізілген. Жолдар инженерлік коммуникациялардың іске қосылуына қарай 2023-2024 жылдары қолданысқа берілетін болады. Қала тұрғындары «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша да жол жағдайын түзетуге мүмкіндіктері бар.

Өткен жыл нәтижесіз емес

Алматының көше-жол желісінің жалпы ұзындығы – 3096 шақырымды құрайды. 2025 жылға қарай мегаполистегі жолдардың 95%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жетеді. Мәселен, өткен жылы Бостандық ауданында жалпы ауданы 8248 шаршы метр 65 көше ағымдағы жөндеуден өтті, ұзындығы 15,2 км 18 көшеге орташа жөндеу жүргізілді.

Тұрғындардың өтініші бойынша да көшелер қалыпқа келтірілді. Жол

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргінші өткелдері белгіленіп, 18 бағдарлам орнатылды. Ауданда құқықбұзушылықтардың алдын алу және оған жол бермеу үшін 1245 көпәтерлі үйге 7639 камера орнатылды.

Ал желтоқсан айында адамдар көп жиналатын жерлерге қосымша 301 бейне мониторинг жүйесі (БМЖ 3050) орнатылып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 103 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені (АПК – 792 камера) қосылды. 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін тағы 96 «Сергек» (465 камера) орнатылады деп күтілуде. Оның 78-і желілік камера негізгі көшелерде, 18-і жол қиылыстарында болады. Ал Жетісу ауданында ұзындығы 15,3 шақырым болатын 13 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Алатау ауданына қарасты жеті шағынауданда ұзындығы 53 шақырымнан астам 47 көшедегі жолдарды орташа жөндеу аяқталды. Демек, Алматының жолдарына қатысты жұмыстар бүгінге дейін де қарқынды жүргізілген, кейін де тоқтамайтыны анық.



ҰЛТТЫҚ АЭРОҒАРЫШ АГЕНТТІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 30 ЖЫЛ!

«Kazakhstan Smart Space»

Ғарыштық технологиялар мен жабдықтардың II Халықаралық байқауы өтті

Биыл Қазақстанның Ұлттық аэроғарыш агенттігінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осынау мерейтой аясында жас өнертапқыштар Сәтбаев университетінде бас қосып, «Kazakhstan Smart Space» атты ғарыштық технологиялар мен жабдықтардың II Халықаралық байқауына қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінде адам баласының қашықтағы ғарышқа қол созып, оның сан ғасырлық құпиясын білсем деген арманы толық орындалмаса да, зерттеу жұмыстары бір сәт те тоқтаған емес. Бүгінгі ақпараттық заманда өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың аспан денелерінің, астрономияның құпиясын білсем деген талпынысы тым ерекше. Бір қуанарлығы, «ғарышқа ғашық» жастардың қатарының артып отырғаны. Аталмыш байқауға Қазақстан, Ресей және Өзбекстанның 59 оқу орнынан студенттер мен мектеп оқушылары қатысып, өздерінің ғылыми жобаларын ұсынды. Байқаудың ашылу салтанатында «Ғарыштық зерттеулер мен технологиялар ғылыми орталығының» Басқарма төрағасы Марат Нұрғожин, «Қазақстандық жобаларды басқару» институтының президенті Олег Парахин сөз сөйлеп, жас таланттар ашқан жаңалықтардың еліміздің келешегі үшін маңызы өте зор екеніне тоқталды.


– Жастардың шығармашылық дарыны мен олардың келешегі, зор идеялары бүкіл шараның өзегіне айналып отыр. Байқау шартына сай жас инженерлер жас шамаларына қарай 3 шығармашылық және бір конкурстық номинацияда сынға түсті. Әрбір жобаның өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті, қиялдарының ұшқыр екендігіне, өте дарынды екеніне тәнті болып отырмын. Бұл дегеніңіз, елімізде мықты инженерлердің қатары артып, өнертапқыштардың жаңа легінің өсіп келе жатқанын көрсетеді, – деді Марат Нұрғожин.

Жас өнертапқыштардың қиялынан туындаған ғылыми жаңалықтар дәл бүгін болмаса да, келешекте ел игілігіне жарары сөзсіз. Мәселен, «Сумо» жекпегінін көрсеткен роботтардың өнері жиналғандарға тамаша әсер қалдырды.

Екі күнге созылған байқау бағдарламасы да қызықты болды. Бұл күні жарыс қонақтары мен мектеп оқушылары Сәтбаев университетінің кампусымен танысты. Ұ.Сыдықов атындағы коворкинг орталығын, Минералдар галереясын, Тарихи мұражайды, Қазақстан технологияларын дамыту мұражайын және университет кітапханасын аралады. Сонымен қатар, ғарыштық квест пен ғарыш индустриясында және басқа да жоғары технологиялық салаларда мектеп пен студенттік



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



кәсіпкерлікті дамытуға арналған халықаралық семинарға қатысты.

Ұйымдастырушылар ғарышқа қанат қаққысы келетін жас ұрпақтың талпынысы мен қызығушылығына қолдау білдіріп, олардың жобаларының маңыздылығын бағалады. Жалпы, бізге құпиясы беймәлім спутниктік байланыс, навигация, метеорология, өнеркәсіп, тіпті медицина саласының өзі ғарыштық технологияларды қолданбаса, біздің мына өмірдегі тіршілігімізді елестету қиын. Аталмыш байқау биылғы аэроғарыш агенттігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келгендіктен, «Ғарыш саласының динамикалық инновациялары мен базалық салалары. Проблемалар, әлеует және болашақ: Қазақстан – 2023–2030» атты тұңғыш халықаралық конференциямен қатар өтіп отыр.

Аталмыш конференцияға «Қазақстан Ғарыш Сапары» компаниясы, Алматы қаласы Білім басқармасы, ҚР ҰҒА Аэроғарыш комитетінің және «Kazakhstan Space Travel» компаниясының өкілдері қатысты. Конференция барысында Қазақстанның практикалық мәселелерін ғарыштық технологиялар көмегімен шешу, Қазақстанның ғарыш саласы үшін кадрлар даярлау мәселесі талқыланды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерлан ТАШТАЙ,
техника ғылымының кандидаты:

– Жастарымыз үшін үлкен маңызды шара өткізіп жатырмыз. Біз ғарыш технологиясын енгізуде басқа мемлекеттер сияқты өз саламызды дамытуды көздеп отырмыз. Ол үшін осы салаға жастарымызды ынталандыруымыз керек. Осындай алаңдарда жастарымыздың жасаған макеттерін, ашқан жаңалықтарын ортаға салып талқылайтын болсақ, ертең олардан танымал ғалым шығары сөзсіз. Біздің елімізде ғарыш мамандарын даярлайтын 4 оқу орны бар. Соның бірі – біздің университетіміз. Байқауға 100 команда қатысса, олардың 52-сі ақтық сайысқа жолдама алды. Ғылыми жобалары үздік деп танылған жас өнертапқыштар қаржылай сыйлықпен марапатталып, оқушылар оқу грантына ие болады.





ТРЕНИНГ



МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Кәсіби журналист, жалпы бұқаралық ақпарат саласының қызметкері үшін сауатты жазу, сөйлеу аздық етеді. БАҚ маманы жан-жақты білімді, медиасауатты болуы – қазіргі заманның басты талабы. Медиасауаттылық деген не? Дәл осы ауқымды ұғымды түсіндіру мақсатында күні кеше «Alatau Aqparat» ұжымына «KazMediaNetwork» қоғамдық бірлестігінің мамандары келіп тренинг өткізді.



Айнұр
СЕНБАЕВА

«Alatau Aqparat» медиахолдингі директорының уақытша міндетін атқарушы Гүлжазира Амангелдіқызының арнайы шақыртуымен келген білікті мамандар, медиасарапшы Бақытгүл Бурбаева мен белгілі журналист Есенгүл Кәпкызы медиасауат бойынша білімді журналистерге барынша кең және түрлі әдістермен түсіндіруге тырысты. Мамандар «Журналистің этикасы», «Зиянды медиа әдеттер» тақырыбында дәріс оқыды. Сондай-ақ, олар «Almaty akshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінің журналистері мен vecher.kz, almaty-akshamy.kz сайттарының қызметкерлері арасында MediaQuiz ұйымдастырды.

Ең алдымен, «медиа» деген сөздің не екенін анықтап алайық. Бұл сөз ағылшынның «medium» деген сөзінен шыққан, ақпарат жеткізетін кез келген коммуникация құралы деген мағынаны береді. Қазіргі ақпарат ғасырында медиасауат кез келген адамға аса қажет дүниенің бірі. Неге? Өйткені, өзіміз күнде қолданатын газет-журнал, радио, телевизия, интернет, кітап пен смартфон, көше бойындағы жарнама, тіпті фильмдер мен ойындар, барлығы медиаға жатады. Осы ақпарат құралдарынан әр секунд сайын адамдар сансыз ақпарат алады. Ақпарат ағынының қарқындылығы соншалық, адамның миы бәрін сүзгіден өткізіп, қорытып үлгермейді. Ал кәсіби журналистің міндеті – ақпараттардың қоғамға, адамдарға зияны тимейтіндей етіп, зерттеп, зерделеп, дереккөзін анықтап, ақпарат-

тың не мақсатта таратылып отырғанына көз жеткізіп барып жариялау. Ақпарат көп болған сайын қайсысы ақиқат не жалған екенін анықтау да оңайға соқпайды.

Көп жағдайда журналистердің факт пен фейкті, пайдалы және зиянды ақпаратты, дұрыс ақпарат тілі мен ғадауат (өшпенділік) тілін бір-бірінен ажырата алмауы салдарынан қоғамда түрлі келеңсіздіктер белең алады. Айталық, ұлтаралық қақтығыс, зорлық-зомбылық, біреудің ар-намысына тию, өлім-жітім секілді жағдайларға бұрмаланған ақпараттар жеткізеді. Сондай-ақ, журналистік этиканың сақталмауы қоғамға зор зиянын тигізеді.

Қазір екіншісі бірі қолындағы смартфон арқылы ақпарат тарата береді, мыңдаған оқырманы бар блогерлердің ақпараттарды оңды-солды таратуының салдарынан қазіргі таңда әлем бойынша ақпарат майданы болып жатқанын білеміз. Кәсіби журналистің басқалардан айырмашылығы да сол, олар журналистік этиканы сақтауға міндетті.

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстандағы журналистер 2020 жылы медиабірлестік жасаған журналистің медиаэтикасы туралы норманы пайдалана алады. Медианың негізгі қағидаларын жүзеге асыру мақсатында елімізде Бұқаралық ақпарат құралдарының өзін-өзі реттеу жөніндегі қоғамдық комитет құрылған.

– Медиасауаттылық – уақыт талабы және елдің ақпараттық қауіпсіздігін қорғаудың кілті. Бүгінде ақпараттың таралуы көз ілестірмейді. Көрші елдердегі жағдайларға байланысты кейбір жалған ақпараттар еліміздің тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Алаяқ-

тық, кибербуллинг, қокан-лоқы көрсету, жағымсыз үгіт-насихат секілді қауіптің барлығы ақпараттың қасақана немесе білімсіздіктен дұрыс берілмеуіне байланысты өршиді. Осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін біз Қазақстандық Медиа Желі/Kazakhstan Media Network қорын құрған едік. Бірнеше жылдан бері ел аумағында көптеген БАҚ қызметкерлерінің медиасауатын көтеру үшін жұмыс істеп жатырмыз. Біздің мақсатымыз – еліміздегі медианың кәсіби біліктілігін арттыру, сауатын жетілдіру, журналистердің қауіпсіздігін, құқығын қорғау. Редакциялардағы даулы мәселелерді сотқа дейін жеткізбеу, – дейді «Қазақстан Медиа желісі» қоғамдық бірлестігінің басшысы Бақытгүл Бурбаева.

Қазақстандық Медиа Желі/Kazakhstan Media Network қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, белгілі журналист Есенгүл Кәпкызының айтуынша, қоғамда медиасауаттылықтың деңгейін көтермесе, салдары өте қауіпті болады.

– Бүгінде адамдар ғаламтордан оқыған, әлеуметтік желіде тараған, ватсап арқылы келген кез келген ақпаратқа сеніп, алданып қалып жатады. Қоғамда медиасауаттылықтың төмендігінен туындайтын ең қарапайым мысал осы. Бұқаралық ақпарат құралдарында тараған ақпараттардың өзі кейде адамды адастырады. Айталық, қазіргі ток-шоуларға кішкентай балаларды кейіпкер ретінде отырғызып қойып, «бұл баланы шешесі тастап кеткен», «мына әйел зорлық көрген» деп ел-жұртқа жария етеді. Ал сол баланың ертеңгі тағдыры не болады, ол ертең жұрттың мазағына айнала ма, әлде оны біреулер мүсіркей ме, оны ойлап жатқан ешкім жоқ. Медиасауаттылыққа қатысты көптеген мысал келтіруге болады. Қазіргі таңда басылымдар немесе сайттар болсын, ақпаратты бірінші болып беруге тырысады. Асығыс жасалған, әр жерден көшірілген ақпараттың дереккөзі, не мақсатты көздейтіні тексерілмейді. Біреудің жеке өмірін, суреттерін рұқсатсыз жариялау белең алған. Сондықтан медиа саласындағы осындай келеңсіздіктерді өзіміз өз ішімізде реттеп, бір-бірімізді дұрыс бағытқа бұрмасақ, ешкім біздің елдің ақпараттық қауіпсіздігіне жауап бермейді, – дейді Есенгүл Кәпкызы.

Журналистерге арналған жиын соңында медиасарапшылар қатысушылар арасында MediaQuiz ұйымдастырып, медиа саласындағы фактчекинг, медиамейкинг, фейк, верификация, фишинг секілді көптеген терминдердің анықтамасын түсіндіріп берді. Ойынға белсенді қатысып, сұрақтарға дұрыс жауап бергендерге сыйлықтар табыс етілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

РАМАЗАН-2023

«ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 200 СҰРАҚ»: оқырмандар назарына кезекті жеті «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз.

Ораза қабыл болсын, ұстаған жан!

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

(Басы өткен сандарда)

- Оразаның парыз екенін білмеген адам қазасын өтеуге міндетті ме?
- Рамазан айында ораза ұстау – парыз хәм Алла Тағаланың әмірі. Мұсылмандар бұл әмірге мойынұсынуы керек. Егер білмей немесе ұмытып кеткен болса, ұстамаған оразаларының қазасын өтеуі тиіс. Кәффарат шарт емес. Себебі, кәффарат – ораза ұстамаудың емес, оразаны бастап, әдейі бұзған адамның жазасы. Рамазан айында ораза ұстау парыз екенін біле тұра ораза ұстамау – күнә.
- Бөгде әйелге қарау арқылы жүніп болса (ғұсылы бұзылса) оразасы не болады?
- Ораза бұзылады. Сол күннің қазасын өтеуі керек. Кәффарат шарт емес. Алайда, мұндай әрекетке жеңіл қарауға болады деген сөз емес. Оразаны әдейі бұзу күнә саналады.

- Рамазан айы 21 сәуірде аяқталады.
- Сәуірдің 17-інен 18-іне қараған түн – Қадір түні.
- 21 сәуір – Ораза айт мерекесі.
- Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге.

- Тамағына шыбын кіріп кетсе ораза бұзыла ма?
- Аузына шыбын байқаусызда кіріп кетсе оразасы бұзылмайды.
- Рамазан оразасын бұзып алса, күннің қалған бөлігінде не істеуі керек?
- Мұндайда зәрулік болмаса ішпей-жемей оразаны жалғастыруы міндет. Сонымен бірге, сол күннің оразасын қаза етіп өтейді.
- Рамазан оразасын ұстаған адам ғайбат айттым, оразам бұзылды деп әдейі жеп қойса, не болады?
- Ғайбат, өтірік сөз оразаны бұзбайтын амал екенін біле тұра, оразам бұзылды деп ішіп-жесе, кәффарат міндет. Ал егер ғайбат оразаны бұзбайтынын білмесе, әрі хадисті қате түсініп, оразам бұзылды деп жеп-ішсе, бір күндік қазаны ғана өтейді.
- Ұмытып ішіп-жеп қойса ораза бұзыла ма?
- Тамақ яки суды байқаусызда ішіп қою оразаны бұзбайды. Себебі, ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзатын амалдарға жатпайды. Мұндай жағдайда оразаны жалғастыра беру керек. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аузы берік адам ұмытып ішіп-жесе, оразасын бұзбай толықтырсын. Өйткені, оған жегізген де, ішкізген де Алла», – деген (Бұхари, Мұслим). Алайда, ораза екендігі есіне түскен сәтте ішіп-жеуін дереу тоқтатуы шарт.
- Ауызашар уақыты кірді деп ойлап ішіп-жеп қойса, бірақ әлі күн батпаған болса оразасы дұрыс бола ма?
- Ауызашар уақыты кірмей ішіп-жеу оразаны бұзады. Сондықтан сол күнгі оразаның қазасын өтейді. Себебі, оразаның уақыты таң сәріден басталып, күн батқанға дейін жалғасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Жалғасы бар).



● «WORLD SKILLS ALMATY – 2023»



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАТЫСАМ ДЕСЕҢ, ЖАРЫС КӨП

Алматыда «WorldSkills Almaty – 2023» өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты басталды.

Алматы қаласы Білім басқармасы мен «WorldSkills Almaty» ұйымдастыруымен колледж студенттерінің «WorldSkills Almaty – 2023» өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты басталды. Аталмыш чемпионат 14 сәуірге дейін жалғасады. Соңғы жылдары жас мамандарды кәсіби шеберлікке баулу үшін «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасы аясында «WorldSkills International» құзыреті бойынша «WorldSkills Kazakhstan» Ұлттық қозғалысы қолға алынған еді.

Бүкіл әлемде өткізіліп келе жатқан бұл чемпионаттың негізгі мақсаты – жұмысшы мамандығының беделін арттырып, шеберлік дағдыларын дамыту. Биылғы чемпионатқа 53 құзыреттілік бойынша 380-нен астам колледж студенті қатысады. Олардың қатарында

графикалық дизайн, кескіндеме және сәндік жұмыстар, бизнеске арналған IT-шешімдер, кірпіш қалау, құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары, сантехника және жылыту, CNC станоктарында токарлық жұмыстар, CAD инженерлік графикасы, прототиптеу, тоназдық және желдеткіш техникасының қызмет көрсетушілері, жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету, тағы басқа мамандық иелері бар.

Чемпионаттың басты ерекшелігі – «DeafSkills және Абилемпикс» бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың да қатысуына жағдай жасап отыр. Сондықтан «DeafSkills және Абилемпикс» құзыреттері бойынша 25 адам қатысады. 500-ден астам тәжірибелі өндірістік оқыту шеберлері, арнайы пән оқытушылары мен жұмыс берушілер сарапшы ретінде қатысады.

Өңірлік чемпионаттың жеңімпаздары ағымдағы жылдың маусым айында Астанада өтетін «WorldSkills Kazakhstan – 2023» республикалық кәсіби шеберлік чемпионатына қатысады. Ал, одан озған жеңімпаз ағымдағы жылдың қыркүйегінде Польшада өтетін Халықаралық чемпионатқа барады.

ЖҰМЫСШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Алматыда өтіп жатқан «Кәсіптік білім: табысқа жету жолы» атты жұмысшы кәсібінің фестивалі аясында «Туризм және қонақжайлылық индустриясы» колледжінің базасында колледж студенттері арасында «World Skills Almaty – 2023» өңірлік чемпионаты өтті.

Аталмыш «World Skills» – бүкіл әлем бойынша кәсіби даярлық пен біліктіліктің мәртебесі мен стандарттарын арттыру, халықаралық жарыстар өткізу арқылы жұмысшы

мамандықтарының мәртебесін арттыруды көздейтін коммерциялық емес қауымдастық. Бүгінгі таңда бұл ұйымның құрамына 80-нен астам ел кіріп, оның жұмысына бірлесе қатысып отыр.

Біздің елімізде де бұл чемпионат жыл сайын жұмысшы мамандықтарын дәріптеу мақсатында өткізіліп келеді.

Жалпы, аталмыш «WorldSkills Kazakhstan» негізгі мақсаты – халықаралық стандарттар негізіндегі кадрлармен қамтамасыз ету, саланың тетіктерін қалыптастырып, жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту.

Он күндік аясында колледжде жас мамандар арасында «Аспаздық ісі», «Қонақүй шаруашылығын басқару», «Гид – экскурсовод» мамандықтары бойынша байқау өтіп, қатысушылар бірнеше модульден тұратын тапсырмаларды орындады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Алматыда мектеп пен балабақшаларда бұқаралық іс-шара өткізу уақытша тоқтатылды.

Әлеуметтік желілерде Алматы қаласы бойынша қызылша ауруының өршуіне байланысты 30 мамырға дейін балабақшаларда жаппай іс-шара өткізу тоқтатылатыны туралы хабарлама тараған еді. Біз бұл ақпараттың анық-қанығын білу үшін Алматы қалалық санитариялық-эпидемиологиялық департаментіне хабарластық.

Тиісті басқарма бұл ақпаратты растап, 30.03.2023 жылғы «Алматы қаласында қызылшаның таралуына жол бермеуге бағытталған эпидемияға қарсы шараларды күшейту туралы» №1 қаулыға сәйкес, қалалық Білім басқармасына тиісті тапсырма берілгенін жеткізді. Онда мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде оқу жылының соңына дейін бір үй-жайда, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының аумағында балалар мен қызметкерлердің жиналуына жол бермеуді қамтамасыз ету туралы жазылған», – деді баспасөз хатшысы.



● МОНИТОРИНГ



ЖАУАПСЫЗДЫҚҚА ЖАЗА БАР!

Жақында әлеуметтік желілерде №164 бөбекжай-балабақшаның нан, жұмыртқа, шәймен ғана тамақтанып отырған кішкентай бөбектерінің видеосы жарияланған еді. Іле-шала қалалық Білім басқармасы №164 бөбекжай-балабақшасындағы орын алған жағдайды анықтау үшін қоғамдық тамақтану жағдайын бақылауға арнайы комиссия шығарды.

Мониторинг барысында анықталған заңбұзушылықтар негізінде қызметтік міндеттеріне жауапсыз қараған балабақша менгерушісі, медбике және әдіскер қызметінен босатылды. Сондай-ақ, топ тәрбиешісі, қоймашы мен аспазшыға да тәртіптік жаза қолданылды.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысына бақылауды әлсіреткені үшін Алматы қаласы Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің басшысы мен Алатау аудандық білім бөлімінің бас маманына да тәртіптік жаза қолданылды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

● МАМАН ПІКІРІ

Ләззат ШОЛАҚОВА,
бас маман:

– 2015 жылдан бері «World Skills» чемпионатына қатысып келеміз. Сол жылы біздің Сергей Белоносов деген студентіміз 1-орын алып, Бразилияның Сан Пауло қаласында өткен халықаралық аспазшылар байқауынан бас жүлдемен оралды. Сергей қазір өз кәсібімен айналысып, нәсібін тауып жүр. Біз өз түлектеріміздің үмітімізді ақтап, таңдаған мамандықтарымен айналысып жатқанына қуанамыз. Басқа да студенттеріміз шетелден жүлдемен оралып жатыр. Аталмыш чемпионатқа «Аспаздық ісі» бойынша қаламыздың 7 колледжі қатысып жатыр. Аймақтық байқаудан бағы жанып, жеңген студент Ұлттық байқауға қатысады. Егер одан жеңсе, Халықаралық чемпионатқа қатысып, еліміздің абыройын қорғайтын болады. Әрине, түлектеріміз шетелден олжалы оралып жатса, колледжден алған білімін көрсетеді. Оқу орнының басшылығы жеңімпаздарды қаржылай сыйлықпен марапаттап, жоғары білім алуына көмектеседі.



ӘСКЕРИ РӘМІЗДЕР

ЖАУЫНГЕРЛІК ТУ

абырой мен ар-намыстың нышаны

Кез келген елдің айрықша қастерлейтін, мемлекет екенін дәлелдейтін арнайы нышандары болады. Мемлекеттік рәміздерден басқа сол ел мен рәмізді қорғайтын әскердің де өз алдына бөлек рәміздік белгісінің маңызын ұғынуымыз керек.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әскери бөлімнің жауынгерлік міндеті мен тарихын, Отан үшін сіңірген еңбегін айқындайтын әскери жәдігер – Жауынгерлік Туы болады. Ол байрақ оның ҚР Қарулы Күштеріне жататынын көрсететін айрықша құрметті белгіге жатады. Бөлімнің жеке құрамы Жауынгерлік Туды күзетуге, ерлікпен қорғауға, ұрыс кезінде сақтап, жау қолына түсірмеуге міндетті.

Отан қорғаушыға елді қорғаудың қасиетті борышын еске салу үшін қызмет ететін Жауынгерлік Ту абырой, даңқ пен ерліктің белгісі іспеттес. Оны әскери бөлімдерге құрылған кезде ҚР Президентінің атынан ҚР Қорғаныс министрлігінің өкілдері тапсырады. Жауынгерлік Ту әскери бөлімнің атауы мен нөмірінің өзгеруіне қарамастан, әскери бөлімде біржола сақталады және Жауынгерлік Ту тапсырылған кезде берілетін ҚР Президентінің Грамотасына енгізіледі.

Құрметті белгі әрдайым әскери бөлімде болуға тиіс, ал майдан даласында бөлімнің соғыс қимылдары ауданында болады. Әскери бөлімнің барлық жеке құрамы соғыс кезінде Жауынгерлік Туды жанқиярлықпен және ерлікпен қорғауға әрі оны дұшпандарының қолына түсірмеуге міндетті. Ерекше мәнге ие Жауынгерлік Тудың саптағы орналасуының да өзіндік мәні бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нұрғазы ҒАНИҰЛЫ,
1-рота командирінің тәрбие және
әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, лейтенант:

1996 жылғы 18 шілдеде «Қарулы күштердің әскери нышандары туралы» Қазақстан Президентінің Жарлығына қол қойылды. Әскери нышандар – бұл армияның ажырамас бөлігі, жүрегі деуге әбден болады.

Әртүрлі мерекелік іс-шараларда Жауынгерлік Туды алып шығатын сарбаз рота командирімен бірге тағайындалады. Саптағы орында Ту ұстаушы еркін түсірілген оң қолмен аяқ жанында ұстайды. Сабының төменгі ұшы оң аяқ табаны жанының ортасында болуға тиіс. Қару арқылы әртүрлі тәсілдерді орындаған кезде Жауынгерлік Тудың орналасуы өзгермейді. Қозғалыс жасау үшін алдын ала команда берілгенде Ту ұс-см биіктікте болады.

Еліміздің әскери нышандары – Қарулы күштердің нышаны, туы мен жалауы, Құрлық әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштері мен Әскери-теңіз күштерінің тулары, әскери бөлімдердің Жауынгерлік Туы Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын көрсетеді.



ТАҒЫМ

Тура 30 жыл бұрын Қазақ-стан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен 1993 жылдан 1998 жылға дейін Ішкі әскердің жедел мақсаттағы әскери бөлімдерінің 20 құрама рота – 2 мыңнан аса сарбазы мен офицері Қазақстан Республикасы жеке атқыштар құрама батальонының құрамында тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік тапсырмаларды орындауға аттанған еді. 1995 жылдың 7 сәуірі Ішкі әскер сарбаздары үшін қаралы күн болды.

Пшихавр шатқалындағы Пяндж өзенінің бойында Ішкі әскердің ротасына Ауғанстан жағынан моджахедтер шабуыл жасап, 17 сарбаз қаза тауып, 33 адам жараланды. Осы қанды шайқаста Ішкі әскер жауынгерлері жанқиярлық пен қаһармандық көрсетіп, әскери борышын өтеу жолында жат жердің шебін қорғау үшін жанын қиды.

Тәжік халқына көрсеткен көмегі үшін қазақстандық жауынгерлерге құрмет ретінде Душанбеде монумент тұрғызылды. Астана қаласында «Отан-Ана» монументі қасынан Ішкі әскердің 17 сарбазына арналған аллея ашылып, ескерткіш бағана орнатылған. Сонымен қатар Шымкент, Петропавл және басқа да қалаларда батырларға арналған ескерткіш бар.

Ішкі әскердің қазіргі Қазақстанның Ұлттық ұланы батыр жауынгерлерін ешқашан ұмытпайды. Ұлттық ұландықтар жыл сайын 7 сәуірде «Ерлік күнін» атап өтеді. Бұл шара биыл да ұйымдастырылды. Қаладағы әрбір әскери бөлімде еске алу жиыны өтті. Солардың бірі – 5572 әскери бөлімінің базасындағы кездесу. Кеше әскери бөлімге тәжік-ауған шекарасын қорғауға аттанған сарбаздар, Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының басшы құрамы, Ұлттық ұлан ардагерлері, 5572 әскери бөлімінің жеке құрамы қатысып, 17 сарбазға қойылған еркертікіш-тақтаға гүл шоқтарын қойды, ерліктерін еске алды.

«Бүгін – ерлік күні, сол ерлікке тағзым күні. 7-ротаның командирі мен болдым. Ол кезде капитан шенінде едім. Сарбаздардың

ЖАТ ЕЛДЕГІ ЕРЛІК

7 сәуір – тәжік-ауған шекарасын қорғауда 17 сарбаз ерлікпен қаза болған күн



әскерге келгені, шайқасқа дайындығы, сол күнгі ерлігі көз алдымнан кетпейді. Өкінішке қарай, сарбаздарымыздың бәрі жастай өмірден озды. Арасында әлі 20 жасқа толмағандары да бар еді. Қыршын кеткен жастардың 12-сі ҚР Президентінің «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі, 5-і «Айбын» орденімен наградалды», – дейді тәжік-ауған шекарасында Отан алдындағы борышын атқарған запастағы полковник Ерлан Жарылқасынұлы.

Тәжік-ауған шекарасында жауынгерлік тапсырмаларды орындауға аттанғандардың бірі, қаза тапқан сарбаздармен 7-ротада бірге болған Жұмахан Шашубаевтың айтуынша, қанша жыл өтсе де сол шайқас әлі көз алдынан кетпейді.

«7 сәуір күні түскі сағат 12-де шайқас басталды. Пшихавр шатқалынан түсіп қалдық. Ұрыс сағат 12-ден кешкі сағат 18-ге дейін жалғасты. Басталған сәтте колонна келіп тоқтады. Бірінші «ВАЗ» автокөлігі жарылып, ұрыс басталып кетті. Сол шайқас үстінде 17 сарбазымыздан айырылып қалдық. Отанды қорғау үшін, тәжік-ауған шекарасындағы шиеленістің зардабы біздің елге де тимес үшін өз еркімізбен біздің ротадан 100 сарбаз аттанған едік», – деп еске алды.

Ниязтай БОЛАТҰЛЫ, ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тәрбие және әлеуметтік жөніндегі орынбасары, полковник:

– Бүгін Ұлттық ұланның барлық әскери бөлімінде «Ерлік пен тағзым» атты іс-шара өткізіліп жатыр. Басты мақсаты – 1995 жылы Тәжікстан шекарасындағы бұрынғы Ішкі әскер, қазіргі Ұлттық ұланның ерлікпен қаза тапқан 17 сарбазын еске алу. Мұндай шара жыл сайын өткізіледі. Сол жылдары әскерде қызмет еткен 46 жауынгеріміз бар. 7-ротада қызмет еткен Қазақстан бойынша 76 запастағы әскерлер бар. Осы батырлардың ерлігіне тағзым етіп, ардагерлерді шақырдық. Мұның түп негізі – әскери-патриоттық тәрбие беру.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



ДЗЮДО

ҚАЛАДА АЗИЯ
КУБОГЫ ӨТУДЕ

7–9 сәуір аралығында Бекет Махмұтовты еске алуға арналған дзюдодан жасөспірімдер мен жастар арасында Азия кубогы өтіп жатыр.

Алматы қаласындағы Балұан Шолақ атындағы спорт сарайында өтетін сайыста жасөспірімдер (2006–2007) мен жастар (2003–2005) бәсекеге түседі. Турнирге Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Грекия, Гонконг, Грузия, Моңғолия және АҚШ-тан 400-ден астам спортшы қатысады. Медальдардан бөлек, турнирдің чемпиондары мен жеңімпаздары рейтингтік ұпайларға ие болады.

IJF ережесіне сәйкес Азия кубогының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне рейтингке ұпай қосылады. Жарыс жеңімпазына – 100, күміс жүлдегерге – 60, қола жүлдегерге – 40 ұпайдан беріледі. Азия кубогы биыл алтыншы рет ұйымдастырылады. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия, Гонконг, Түркіменстан, Грекия, Грузия және АҚШ-тан барлығы 400-ден астам дзюдошы қатысады деп жоспарланған.

Бекет Сапабекұлы Махмұтов 2009–2012 жылдары аралығында Қазақстан дзюдо федерациясының президенті болды. Сондай-ақ, Азия дзюдо одағының вице-президенті қызметін атқарған.

ТЕННИС

ШИРЕК ФИНАЛҒА ӨТТІ

Қазақстандық теннисші, әлемнің 319-ракеткасы Михаил Кукушкин Испанияның Мурсия қаласында өтіп жатқан челленджер турнирінің ширек финалында ел намысын қорғамақ.

Ол екінші айналымда дүниежүзілік рейтингіде өзінен 3 саты жоғары тұрған испаниялық Альваро Лопес Сан Мартинмен шеберлігін сынады.

Бірінші партияда М.Кукушкин айқын басымдылық көрсетті – 6:1. Екінші сетте тай-брейк (6:6) басталған мезетте испаниялық спортшы матчты жалғастырудан бас тартты. Бір жарым сағаттан астам уақытқа созылған бәсеке барысында М.Кукушкин 1 эйс жасап, 4 брейк-пойнттың үшеуін пайдаланды. Қарсыласы 2 эйс, 1 брейктен (3 брейк-пойнт) аса алған жоқ.

Михаил Кукушкин жартылай финалға шығу үшін әлемнің

РЕЙТИНГ

ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫ
ӘЛЕМДІК БОКС РЕЙТИНГІНЕ ЕНДІ

BoxLive Жәнібек Әлімханұлын бокстан ең белсенді әлем чемпиондарының рейтингіне қосты.

Әлімханұлы WBO белбеуіне иелік етеді. Оның жекпе-жектері арасындағы орташа белсенділік – 219 күн (белбеуін қорғаған жекпе-жектер). Осылайша спортшы 4-орынға тұрақтаған. Бұл көрсеткіш бойынша 202 күнмен кубалық Дэвид Моррель көш бастады.

Дэвид Моррель 2022 жылдың қарашасында Айдос Ербосынұлымен жұдырықтасып, отандасымызды 12-раундта нокаутқа жіберген.

Рейтингте 2-орында Сауль Канело Альварес, 3-орында Девин Хейни тұр.



БОКС

ҚАРСЫЛАС АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстандық Әбілхан Аманқұлдың (2-0, 2 KO) кәсіпқой бокстағы үшінші жекпе-жегі қашан өтетіні белгілі болды. Бұл жөнінде «Suleimen Promotions» баспасөз қызметі ресми түрде хабарлады.

Жекпе-жек 15 сәуірде АҚШ-тың Калифорния штатындағы Помона қаласында өткізіледі. Кездесу сегіз раундтық жекпе-жекке белгіленген. Қарсыласы – екінші орта салмақтағы боксшы мексикалық Даниэль Эчеверриа (21-11, 18 KO).

Әбілхан Аманқұл былтыр қазан айында өткен жекпе-жегінде мексикалық тағы бір боксшы Йеассона Пачеконь (6-1, 3 KO) екінші раундта нокаутқа жіберді.

Әбілхан Аманқұл 1997 жылы 29 шілдеде дүниеге келген. Қазірге дейін әуесқой бокста 2017 жылы әлем чемпионатында күміс, Азия чемпионатында қола медаль алды.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

9–14 сәуір аралығында Астанада грек-рим, еркін және әйелдер күресінен өтетін 36-шы Азия чемпионатына құрлықтың 24 елінен 300-ден астам балуан қатыспақшы.

300 БАЛУАН
АСТАНАҒА КЕЛЕ ЖАТЫР

Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Айгүл Бектенова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім етті.

«9–14 сәуір аралығында Астанадағы Жаксылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында күрес түрлерінен осымен 36-шы Азия чемпионаты өтпек. Бұл жарысқа Азия құрлығының 24 мемлекетінен 300-ге жуық спортшының қатысуы жоспарланып отыр. Олардың арасында Олимпиада ойындарының 7 жүлдегері, Әлем чемпионаттарының 5 жеңімпазы қатысады.

Сондықтан дүбірлі дода болайын деп тұр. Негізі бұл – Азия чемпионаты, лицензиялық турнир емес. Бірақ Азия ойындарының алдындағы, Әлем чемпионатының алдындағы негізгі жарыстардың бірі болып есептеледі», – деді комитет өкілі.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ФУТБОЛ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА –
ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ

Халықаралық футбол қауымдастықтарының федерациясы 6 сәуір күні жаңартылған рейтингіні жариялады.

Қазақстан футбол федерациясы мәлім еткеніндей, ұлттық құрама жаңартылған рейтингіде үш саты жоғары көтеріліп, 112-орынға жайғасты.

Магомед Адиев жаттықтыратын Қазақстан құрамасы наурызда 2024 жылғы Еуропа чемпионаты іріктеу кезеңі аясында екі ойын өткізген болатын. Алғашқы матчта Словенияға (1:2) есе жібергенімен, кейін Данияны (3:2) жеңген еді.





ҰЛТТЫҚ БАНК

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ коллекциялық монеталарының сатуға шығарылатыны туралы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 10 сәуірінде номиналы «Қазақстанның әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары» сериясынан ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ коллекциялық монеталарын сатылымға шығарады.

Коллекциялық монеталарын сату Ұлттық Банктің **kazcoins.nationalbank.kz** интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ коллекциялық монеталары:

– массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, дайындау сапасы proof және black-proof, номиналы 500 теңгелік, таралымы 3000 дана, күмістен (нүктелі алтын жалату, бір жақты тотығу және интерференциялық түрлі-түсті жабын технологиясын қолдана отырып) жасалған;

Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған монетаның бейнесі (дайындау сапасы proof және black proof)



– массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, дайындау сапасы proof, номиналы 500 теңгелік, таралымы 3000 дана, күмістен (нүктелі алтын жалату және интерференциялық түрлі-түсті жабын технологиясын қолдана отырып) жасалған;

Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған монетаның бейнесі (дайындау сапасы proof)



– массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы brilliant uncirculated, номиналы 100 теңгелік, таралымы 20 000 дана, МН 25 мельхиор қоспасынан тұрады;

Номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан жасалған монетаның бейнесі



массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, дайындау сапасы uncirculated, номиналы 100 теңгелік, таралымы 100 000 дана, МНЦ 15-20 нейзильбер қоспасынан тұрады.

Номиналы 100 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған монетаның бейнесі



Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Жалған банкнот сатқандар ұсталды



Қалада
10 000
теңгелік
жалған
банкнот-
тарды
сатумен
айналыс-
қандар
ұсталды.

Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жүргізген тінту барысында қылмыстық әрекеттің заттай айғағы: жалған банкноттар, ұялы телефондар және басқа да заттар табылып, тәркіленді.

Қазір аталған факті бойынша тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Бір күдіктіге қатысты «қамау» түріндегі бұлтартпау шарасы санкцияланды.

Қазіргі уақытта екінші күдіктіні ұстау бойынша жедел-іздістіру шаралары жүргізілуде. Сондай-ақ, басқа тұлғалардың заңсыз әрекеттерге қатысы анықталуда.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



РАМАЗАН–2023

САДАҚА БЕРУ – САУАПТЫ ІС

Мұқтаж жандарға көмек беріп тұрайық

Қазір көпшілік өз садақасын мешіттерге немесе көшеде, базарда қайыр сұрап тұрғандарға, болмаса әлеуметтік жағдайы төмен өзінің көршісіне апарып беріп жатады. Тіпті, біреулер жетімдер мен қарттар үйіне қайырымдылық шарасын өткізеді. Алайда, бізде әлеуметтік жағдайы төмен адамдар тым көп. Тіпті, олардың ішінде сол мешітке, базарға барып қайыр сұрауға өз аяғымен жете алмай көмекке зәру болып отырғандар да баршылық. Көбіне олар осылайша әлеуметтік көмектен шет қалып қояды. Онымен қоса, кейбіреулер бір жетімдер үйіне үйіп-төгіп жағдай жасайды да, ал келесі бір балалар үйі мұндай көмектен тыс қалып қойып жатады. Сондықтан қайырымдылық жасайтындарға арнап арнайы қоғамдық қор құру арқылы әлеуметтік жағдайы төмен адамдардың барлығына бірдей көмек қолын созсақ, дұрыс болар еді.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Арнайы қор құрсақ қайтеді?

Мұның барлығын қоғамдық қор құру арқылы реттеп отырғанымыз дұрыс шығар. Мәселен, қордың құрылтайшылары қатарына елім деп еңіреген, ұлт тағдырына қабырғасы қайысқан тұлғалар – зиялы қауым өкілдері, кәсіпкерлер, ел басқарушы азаматтар кіріп, жергілікті әкімдікпен бірлесе отырып, барлық қарттар мен балалар үйлерінің, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың тізімін алып, шын мәнінде көмекке мұқтаж жандарға қайырымдылық көмек көрсетіп отырсақ әлдеқайда сауапты іс болар еді. Бір жағынан, мұндай қор құрылса, ол ақша кімдерге, қай уақытта қанша бөлініп жатқанына дейін банктік шот арқылы бақылап отыруға мүмкіндік алар едік. Тіпті біреулер науқас баласын емдуге қаржы таппай жүрсе, 7-8 баламен баспанасыз жүрген жалғызбасты аналар болса, баспанаға шын мұқтаж жандарды

сараптап, солардың жағдайын жергілікті билікке жеткізіп, көмектесуіне ықпал жасаса, нұр үстіне нұр емес пе? Қоғамдық қор көмекке зәру адамдардың мұң-мұқтажын жергілікті билікке, Еңбек және денсаулық сақтау, Білім және ғылым секілді түрлі министрліктерге жеткізе отырып жүзеге асырса қандай тамаша болар еді?!

Байдың табысында кедейдің несібесі бар

Әрине, мемлекет әлеуметтік аз қамтылғандарға, жағдайы төмен отбасыларға мүмкіндігінше көмектесіп-ақ жатыр. Десек те, бүгінгі таңда бізде бай адамдар көп. Тіпті, кейбіреулері ай сайын қымбат көлігін ауыстырып жатады. Бұл жерде, біріншіден, байлардың жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созып, қайырымдылық жасаса, оның сауабы көп болатынын жан-жақты түсіндіруіміз керек. Қайырымдылық акцияларына қаржы бөлген кәсіпкерлерді БАҚ құралдарында насихаттап, басқаларға үлгі ретінде көрсетуіміз



керек. Бұл жерде кәсіпкерді жарнамалау емес, тек басқа кәсіпкерлерге ой салатындай етіп жазсақ жақсы болар еді. Мәселен, шетелдік тәжірибені қарап отырсақ, онда бай-манаптар ғана емес, тұрмыс жағдайы орташа азаматтар да арбамен базардан азық-түлікті толтырып алып, мұқтаж адамдарға тегін таратып береді. Біз де осы жүйені қоғамдық қор құру арқылы енгізуімізге болады. Мәселен, қазір әрбір үйде

ескірген, кимейтін киімдер үйіліп жатыр. Неге оларды үкіметтік емес ұйымдар арқылы мұқтаж адамдарға таратып бермеске? Сондықтан облыс-қалаларда осындай қоғамдық қорлар құрылып, олар әкімдікпен бірігіп жұмыс істеп, демеушілер тартып мұқтаж жандарға көмектессе, олардың жұмыстарын жергілікті жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау бөлімдері қадағалап отырса жақсы-ақ болар еді.

P.S. Қайырымдылық жасау – қанымызда бар қасиет. Айналадағы мұқтаждарға мейірімділік пен ізгілік, достыққа адалдық таныту – адамгершіліктің белгісі болса, адамзаттың барлығына «бауырым» деп қарау Абайдан қалған өсиет. Тек қоғамдық қорлардың қайырымды істері мұқтаж жандардың қажеттілігіне бағытталса игі...

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

Димаш ҚҰДАЙБЕРГЕН:

ТЕРЕЗЕМНІҢ СЫРТЫНДА – ЛОС-АНДЖЕЛЕС БОЛСА ДА, ҮЙІМДЕ – ҚАЗАҚСТАН!



Димаш Құдайберген Instagram-дағы парақшасын белсенді түрде жүргізіп отырады. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі сан миллиондаған оқырманы парақшасын қалт жібермей қадағалайтыны сөзсіз. Онда жүктелетін суреттерінен әр күнінің маңызды екенін білуге болады. Жақында жариялаған фотосы елді тіпті тәнті етті.

Қазіргі күні уақытша АҚШ-та тұрып жатқан Димаш пәтерінің төріне Қазақстан туын іліп қойған. Көк тудың фонында домбырамен түскен сәті бейнеленген. Осылайша елінен жырақта жүрсе де, өзін Қазақстанның ажырамас бір бөлігі деп санайтынын білдірді.

Жып-жылы суретінің астына «Тереземнің сыртында – Лос-Анджелес болса да, үйімде – Қазақстан!» деген жазу қалдырған әнші.

Фотолар астына пікір жазғандардың санында да, ықыластарда да шек жоқ.

«Елден алыста жүрсе де, Қазақстан Димашымыздың жүрегінде», «Жүрегіннің түкпірінде жүретін Отаны, демек қазір тұрып жатқан үйінде де тұр...», «Әрине, Диконттай, қайда жүрсең де, Отаның әрдайым жүрегінмен бірге», «Сіздер сүйікті ұлымызды Қазақстаннан алып кете аласыздар, бірақ оның жүрегіннен Қазақстанды алып кете алмайсыздар!» деген жазбалар қалдырыпты Димаштың жанкүйерлері.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487,84 теңге

\$ USD/KZT 447,31 теңге

₽ RUB/KZT 5,54 теңге

¥ CNY/KZT 65,05 теңге